

**Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 414 "2020-2022 жылдарға арналған Ақтоғай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 2 қарашадағы № 554 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 қарашада № 7604 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 414 "2020-2022 жылдарға арналған Ақтоғай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6690 тіркелген, 2020 жылғы 20 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер - "42239,8" сандары "44253,8" сандарымен ауыстырылсын;

салықтық түсімдер - "598,0" сандары "613,2" сандарымен ауыстырылсын;

салықтық емес түсімдер - "168,8" сандары "153,6" сандарымен ауыстырылсын;

трансферттердің түсімдері – "41473,0" сандары "43487,0" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар - "42239,8" сандары "44253,8" сандарымен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қазақ тіліндегі 3 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"3. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы - 31183 теңге;

2020 жылдың 1 сәуірінен бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы - 32668 теңге болып белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.";

орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

7 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Ақтоғай ауылдық округінің 2020 жылға арналған бюджетіне аудандық бюджеттен мынадай көлемдерде ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінгені ескерілсін:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға – 17285,0 мың теңге;

ағымдағы шығындарға және елді мекендерді көркейтуге – 576,0 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу Ақтоғай ауылдық округі әкімінің шешімімен айқындалады."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық  
мәслихатының сессия төрағасы

Ж. Былқайыр

Шалқар аудандық  
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 2  
қарашадағы № 554 шешіміне қосымша

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6  
қаңтардағы № 414 шешіміне 1 қосымша

## 2020 жылға арналған Ақтоғай ауылдық округ бюджеті

| Санаты |             |                             | Сомасы<br>,<br>мың<br>теңге |
|--------|-------------|-----------------------------|-----------------------------|
|        | Сыныбы      |                             |                             |
|        | Ішкі сыныбы |                             |                             |
|        |             | Атауы                       |                             |
|        |             | I. Кірістер                 | 44253,8                     |
| 1      |             | Салықтық түсімдер           | 613,2                       |
| 04     |             | Меншікке салынатын салықтар | 613,2                       |

|              |     |  |         |
|--------------|-----|--|---------|
|              | 1   | Мүлікке салынатын салықтар   | 34,8    |
|              | 3   | Жер салығы   | 23,2    |
|              | 4   | Көлік құралдарына салынатын салық  | 555,2   |
| 2            |     | Салықтық емес түсімдер   | 153,6   |
|              | 01  | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер   | 5,8     |
|              | 5   | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер   | 5,8     |
|              | 06  | Басқа да салық емес түсімдер   | 147,8   |
|              | 1   | Басқа да салық емес түсімдер   | 147,8   |
| 4            |     | Трансферттердің түсімдері  | 43487,0 |
|              | 02  | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер                                       | 43487,0 |
|              | 3   | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер  | 43487,0 |
| II. Шығындар |     |  | 44253,8 |
| 01           |     | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер  | 21751,8 |
|              | 1   | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар                    | 21751,8 |
|              | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты  | 21751,8 |
|              |     | 001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 21681,8 |
|              |     | 022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары   | 70,0    |
| 04           |     | Білім беру   | 21683,0 |
|              | 1   | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту   | 21683,0 |
|              | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты  | 21683,0 |
|              |     | 041 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға                   | 21683,0 |
| 07           |     | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық   | 819,0   |
|              | 3   | Елді-мекендерді көркейту   | 819,0   |
|              | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты  | 819,0   |
|              |     | 008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру   | 263,7   |
|              |     | 009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету   | 121,3   |
|              |     | 011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру   | 434,0   |
|              |     | III. Бюджет тапшылығы (профицит)   | 0,0     |
|              |     | IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)  | 0,0     |